

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университеті.

Факультет: №1 Медицина.

Тақырыбы: Қазақ газеті

Қабылдаған: Адилбекова З.А

Орындаған: Сейткәрім Б.Қ

Тобы: ЖМ-407

Түркістан-2014

Жоспар:

Кіріспе:

Негізгі бөлім:

- Қазақ газеті
- Қазақ газетінің мақсаты

Қорытынды:

Қолданылған әдебиетер:

Қазақ газеті

- «Қазақ» газеті - 1913-1918 «Қазақ» газеті - 1913-1918 жылдары Орынбор «Қазақ» газеті - 1913-1918 жылдары Орынбор қаласында жарияланып тұрған қоғамдық-саяси және әдеби-мәдени басылым (№1 1913 «Қазақ» газеті - 1913-1918 жылдары Орынбор қаласында жарияланып тұрған қоғамдық-саяси және әдеби-мәдени басылым (№1 1913 жылы 2 ақпанда шыққан). 1915 «Қазақ» газеті - 1913-1918 жылдары Орынбор қаласында жарияланып тұрған қоғамдық-саяси және әдеби-мәдени басылым (№1 1913 жылы 2 ақпанда шыққан). 1915 жылға дейін аптасына бір рет, одан кейін екі рет шыққан. Бастырушысы - «Азамат» серіктігі. Газетке қаржылай көмектескендердің көшбасында Мұстафа Оразайұлы бар. Жалпы 265 нөмірі жарық көрген. Газет «Қазақ» газеті - 1913-1918 жылдары Орынбор қаласында жарияланып тұрған қоғамдық-саяси және әдеби-мәдени басылым (№1 1913 жылы 2 ақпанда шыққан). 1915 жылға дейін аптасына бір рет, одан кейін екі рет шыққан.

«Қазақ» газетін шығаруды ұйымдастырушы, редакторы - А. Байтұрсынұлы, оның өкілетті өкілі М. Дулатұлы болды. 1918 жылы газетті Жанұзақ Жәнібекұлы басқарды. Басылымда А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейхан, М. Дулатұлы, М. Шоқай, М. Тынышбайұлы, Ш. Құдайбердіұлы, Ғ. Қараш, Р. Мәрсеков, Ж. Тілеулин, Ғ. Мұсағалиев, М. Жұмабаев, Х. Болғанбаев, Х. Ғаббасов, Ж. Ақпаев, Ж. Сейдалин, С. Торайғыров, А. Мәметов, С. Дөнентайұлы, Х. Досмұхамедұлы т.б. авторлардың мақалалары жарияланып тұрды. XX ғасыр басында аталған газет оқығандардың, діндарлардың, шәкірттердің, қарапайым сауаты бар адамдардың, тұтастай жалпы ұлттың ықыласпен оқитын басылымына айналды. Бұдан кейін пайда болған барша елшіл газет-журналдар осы «Қазақтың» шекпенінен ШЫҚТЫ.



- Қазақ” – қоғамдық-саяси және әдеби газет. 1913 жылдың 2 ақпанынан бастап Орынборда аптасына бір рет, 1915 жылы аптасына екі рет шығып тұрған. Таралымы 3000, кейбір мәліметтерде 8000-ға жеткен. Бірінші редакторы – әйгілі ғалым, жазушы қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов, екінші редакторы қоғам қайраткері, жазушы Міржақып Дулатов, бастырушысы - “Азамат” серіктігі болған.
- Газетте ХХ ғасырдың басындағы қазақ жұртының саяси-әлеуметтік өмірінің негізгі мәселеріне, шаруашылық жайына жер мәселелеріне, басқа елдермен қарым-қатынасына, оқу-ағарту, бала тәрбиесіне, әдебиет пен мәдениет, әдет-ғұрып, тарихқа арналған А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, Ә. Бөкейхановтың, Ш.Құдайбердиевтің, М.Жұмабаев, С. Торайғыровтың т.б. жазушы, қоғам қайраткерлерінің мақалалары жарияланып тұрған



- Кезінде басылым әскери цензураның қатаң бақылауында болған. Газет бетінде жарияланған әрбір мақаланы, хабарды ~~барынша мұқият тексеріп отыруды, баспасөз заңын бұзса,~~ редакторларын жауапқа тартуға, соттауға бұйырған баспасөз ісінің бас басқармасы граф Орал, Орынбор губернаторларына жазған құпия хаттары мұрағатта сақталған. Көптеген қиындықтарға қарамастан газет 1918 жылдың қыркүйек айына дейін үзбей шығып тұрған. Қазақ ұлттық баспасөзінің қалыптасу дәуірінде мұндай ұзақ уақыт жарық көрген басылым жоқ.
- Қазақ газетінде де жер мәселесі үздіксіз көтеріліп отырды 1905-1907 жылдардағы көтерілістен кейін патша үкіметі қазақтардың жерін тартып ала бастаған. Бұл туралы А. Байтұрсынов: “Қазіргі қазақ мәселелерінің ең зары жер мәселесі. Бұл қазақтың тірі я өлі болу мәселесі” – деген.




Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтің Қазақстан Республикасының Президенті болуының 10 жылдығына орай



- «Қазақ» газеті 1907 «Қазақ» газеті 1907 жылы, наурыз айында Троицк қаласында пайда болды. Газеттің басылуы, қай қалада шығаруы керектігі, редакторы жайында көп дау болып, ақырында келісімге келді. Шығарушысы Хаим Шумлов-Сосновский, бастырушылар-Жетпісбай Андреев, Ешмұхамет Иманбаев. Бір саны шығып, тоқтап қалған. 1911 жылдың 16 наурызында «Қазақ» газеті Оралда қазақ және орыс газеттерінде басылды.
- Орыс тілінде қазақ мәтіннің кейбір қысқаша аудармасы ғана беріліп тұрыпты. Көлемі шағын, 6 беттік газеттің 5 саны 1911 ж., барлығы 14-15 саны шыққан екен. Газеттің редакторы-Елеусін Бюрин басылымның мақсатын әр санының басында: «Газеттің асыл мақсаты:кәсіп ету, ғылым үйрену турасында» делінген. Газет бетіндегі мақалалар халық алдындағы адамгершілік парызды өтеу мақсатында қазақ елін өнер-білімге жетелеуге қызмет ететіндігі жазылған.

- Мәдени жаңалықтармен бірге, ғылым жетістіктеріне арналған материалдар да жарияланып тұрды. Мысалы мұнай орнының табылғаны немесе жаңа шыққан кітап, газет туралы хабарлар. Газет мақалаларынан қазақ елінің хал-ахуалын, тіршілігін, шаруашылығын білуімен қатар елді өнер-білімге, мәдениетке, басқа елдің әдебиетінен үлгі алуға шақырған прогресшіл-демократиялық ізгі ниетті ой түйіндеуге болады.
- 1913 жылы жұмысын тоқтатқан газет Ахмет Байтұрсынов 1913 жылы жұмысын тоқтатқан газет Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов арқасында оқырманымен қайта қауышады. 1913 жылы 2 ақпаннан бастап таралымы 300, кейбір мағлұматтар бойынша 800ге жеткен газет Орынборда жарық көрген. 1918 жылдан бастап газеттің редакторы ЖАНҰЗАҚ ЖӘНІБЕКОВ болды.



«Қазақ» газетін ұлтшыл, буржуазияшыл, либерашыл орган, алашордашылардың рупоры ретінде, ал оның редакторы А.Байтұрсынов пен М.Дулатовты алашордашылар «халық жауы» деп бағалап, газетте басылған халықтың әдебиетінен, мәдениетінен, тарихынан, әдет-ғұрпы мен заңынан бай мағлұматтар беретін материалдарының бетін жылы жауып қойған. Газет оқу-ағарту, тіл, газет-журнал ісі, сараптама, рецензияларға көп көңіл бөлген.



«ҚАЗАҚ ГАЗЕТІ»

Ол 1907 жылдын. наурыз айында жарық көрді. «Торғай газетінің» 1907 жылғы 1 нөміріндегі «Новая киргизская газета» деген библиографиялық мақалада (авторы «И» деп қана көрсетілген): «Біздің қолымызға Оренбург губерниясындағы Троицк қаласында жана шыға бастаған «Қазақ газетінің» 2 акпандағы бірінші (пробный) нөмірі келіп түсті», — деп жазылып, газет орыс және араб әрпімен екі тілде, яғни орысша, қазақша жарық көретіні, редакторы Х. Сосновский, бастырушысы Костанайдың қазағы Е. Иманбаев екені айтылған.

Мақала авторы «Қазақ газетінің» сол санында жарияланған материалдарға талдау жасап, олардын, идеялық бағытын анықтауға ұмтылады. Ол газеттің ұстанған бағытына мынандай баға береді: «Шағын бас мақаласында редакция газеттің саяси (кредо) бағытын ашып айтудан жалтарады. Бірақ онда басылған мақала-лардың мазмұнына қарағанда газет «солшыл бағыттағы органдардың жауынгерлік тактикасын ұстау ниетінде екендігін қателеспей-ақ айтуға болады».

Осылай дей келіп шолушы: «Қазақ газетінің» редакциясы өзінің барлық күш-жігерін қазақтардың мүдделерін жалпы орыстық мүдделерімен байланысты жақтау үшін жұмсамақшы»,— деп патша үкіметінің отарлау саясатына наразылық білдірген пікірдің барына да тоқталады. Шолу «Сосновский мен Иманбаев қазақ халқының қамқоры болу сияқты ауыр да құрметті міндетті алдына қойып отыр. Іске сәт, ізгі талапкерлер!» — деген жолдармен аяқталған.

«Қазақ газетінің» материалдарынан байқалғанындай, ол «солшыл бағыттағы органдардың тактикасын», яғни, революцияшыл бағытты қолдады. Ондағы мақсаты — самодержавиені құлату, буржуазиялық-демократиялық өзгерістер мен бостандық үшін үгіт-насихат « жүргізу болды. Бұдан оның прогресшілдік рөл атқаруды көздегені байқалады.



- «Қазақ газетінің» материалдарынан байқалғанындай, ол «солшыл бағыттағы органдардың тактикасын», яғни, революцияшыл бағытты қолдады. Ондағы мақсаты — самодержавиені құлату, буржуазиялық-демократиялық өзгерістер мен бостандық үшін үгіт-насихат « жүргізу болды. Бұдан оның прогресшілдік рөл атқаруды көздегені байқалады.
- «Қазақ газеті» шыққан тұста патша үкіметі халық наразылығын басу үшін жалған манифест жариялап, бандылар тобын ұйымдастырды, ұлт араздығын қоздырып, революцияны жақтаушы жұмысшыларды соққыға жығып еврейлерді қырғынға ұшыратты.

Осы жайларды ескере келіп профессор Қ. Бекқожин: «Қазақ газетінің» пайда болуының, оның патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы күрес жариялауының, әсіресе, патша үкіметінің ұлт араздығын қоздыру әрекетіне жауап ретінде еврей Хаим Сосновский мен қазақ Ешмұхамбет Иман-баев, Жетпісбай Андреевтердің бірлесіп орыс және қазақ тілінде газет шығаруының, үлкен саяси мәні бар»—деген баға береді. Бұл дұрыс баға. Өйткені, патша үкіметі шет аймақтардағы ұлттардың наразылығын күшейтетін болғандықтан «Қазақ газетінің» бірінші нөмірінен бастап мүлде жапты. Осының өзі-ақ көп жайды аңғартса керек.

Қорытынды:

Қазақ газеті 1913 жылдан бастап шыға бастады, Қазақ газеті халық айнасы ретінде көптеген сол кездегі өзекті мәселелерді өз ішіне қамтып халықа жеткізіп отырды. Соның бірі ең басты жер мәселелері, ғылым білім жаңалықтар жайлы және газет оқу-ағарту, тіл, газет-журнал ісі, сараптама, рецензияларға көп көңіл бөлген.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Қазақстан тарихы 3 том Алматы 2002
2. Ж. Артықбаев Ә. Пірманов “Қазақстан тарихы” Алматы 2008
3. Х.К. Ермұханова “Қазақстан тарихы” Алматы 2007
4. [http. www. Google.ru](http://www.Google.ru)
5. [http. www. Geo. kz](http://www.Geo.kz)